

ӘОЖ 334.021:35

С.У. Токтасынов

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: sungat_82_10@mail.ru

**Аймақтағы аграрлық саланың
даму тенденциясы және мемлекеттік қолдау
(Алматы облысы мысалында)**

Қазақстан экономикасында ауылшаруашылығы ерекше маңызды сала болғандықтан аграрлық салаға байланысты мәселе мемлекет саясатының стратегиялық маңызы бар бағыты болып табылады. Мемлекеттің аграрлық саясаты біріншіден республиканың байырғы тұрғындары – қазақ халқының тағдырына, өсіп-өркендеу және әлемдік өркениетке қосылу мәселелеріне қатысты шешуші рөл атқарады. Мемлекет жергілікті халықтың әлеуметтік экономикалық даму деңгейін қамтамасыз ету үшін, оның дәстүрлі, қалыптасқан ата кәсібі – мал және егін шаруашылықтарын, жалпы агроөнеркәсіп кешенін дамытуға экономиканың басқа салаларына қарағанда артықшылық беруі қажет. Ауылшаруашылығы дамуының деңгейі көбінесе елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайды. Қазақстанның ауылшаруашылығына қолайлы жерлері көп болғандықтан, әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті агроөнеркәсіп секторын дамытуға барлық мүмкіндіктері бар. Осы саланы дамытуды қолдауда мемлекет тарапынан атқарылып жатқан шаралардың тиімділігі қаншалықты екендігін анықтау мақсаты қойылды. Мемлекеттік шаралар тиімділігін анықтау барысында Қазақстан Республикасы Алматы облысының аграрлық саласы қарастырылып, осы өңірге «ҚазАгро» АҚ тарапынан бөлінген қаржының игерілу мәселелері талқыға салынды.

Түйін сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, ауылшаруашылығы, Алматы облысы, «Агробизнес-2020», «ҚазАгро» АҚ.

S.U. Toktassynov

**Development trend of regional agricultural sector and public support
(for example, Almaty region)**

Agriculture is a very significant industry in the economy of Kazakhstan, in this regard, the industry is strategically important area of public policy. The first state agrarian policy provides a crucial role on the fate of the Kazakh people, its formation and entry into the world sobschestvo indigenous inhabitants of the republic. State to provide the level of economic development of the local population, ancestral traditions – crops and livestock, the overall development of agro should provide an advantage compared to other sectors of the economy. The level of development of agriculture determines the economic security of the country. Kazakhstan having agricultural land in the global market has all the features of the development of competitive agricultural sector. The purpose of this study is to determine the effectiveness of the measures directed by the government to support the development of this industry. As a result, determining the effectiveness of government measures considered agrarian sphere Almaty region of Kazakhstan and the problems of the funds allocated by the JSC «KazAgro».

Key words: agro industrial complex, agriculture, Almaty region, «Agribusiness-2020», JSC «KazAgro».

С.У. Токтасынов

**Тенденция развития аграрного сектора в регионе и государственная поддержка
(на примере Алматинской области)**

Сельское хозяйство – это особо значимая отрасль в экономике Казахстана, поэтому эта отрасль является стратегически важным направлением государственной политики. В первую очередь,

государственная аграрная политика обеспечивает решающую роль по проблемам судьбы казахского народа, его становления и вхождения в мировое сообщество коренных жителей республики. Государство для обеспечения уровня экономического развития местного населения, традиции предков – растениеводства и животноводства, общего развития агрокомплекса должно предоставлять преимущество по сравнению с другими отраслями экономики. Уровень развития сельского хозяйства определяет экономическую безопасность страны. Казахстан, имея земли сельскохозяйственного назначения, в условиях мирового рынка имеет все возможности развития конкурентоспособного агропромышленного сектора. Цель этой работы – определение эффективности направляемых мер со стороны государства в поддержку развития этой отрасли. В результате определения эффективности государственных мер рассматривалась аграрная сфера Алматинской области Республики Казахстан и проблемы освоения выделенных средств со стороны АО «КазАгро».

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, сельское хозяйство, Алматинская область, «АгроБизнес -2020», АО «КазАгро».

Республикамыздың агроөнеркәсіп кешені экономиканың аса маңызды саласы және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, тамақ және жеңіл өнеркәсіптерін дамыту, саяси-әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында шешуші рөл атқарады. Ауылшаруашылығы – бұл еліміздің экономикасын биікке асқатататын маңызды салалардың бірі болып табылады.

Еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің өнімділігі мен кірісін өсіру, отандық өнімнің ұлттық бәсекелестік артықшылық қабілетін дамыту, тұрлаулы даму бағдарламасын іске асыру міндеттері заман ағымынан туындайтын өмірдің күрделі міндеттерімен үндес болып табылады. Осы міндеттерді сапалы түрде және де жоғары деңгейде шешу жолдарын белгілеу – негізгі мәселе.

Елбасы өзінің «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың ең басты мақсаты» деп аталатын Қазақстан халқына кезекті Жолдауында: «Дамудың жаңа кезеңі ел агроөнеркәсіп кешенінің алдына бірқатар жаңа, аса маңызды міндеттер қойып отыр» – деп атап көрсеткен еді [1].

Қазақстан Республикасында «Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған бағдарламасында» Азық-түлік қауіпсіздігін және өнімдердің экспортын ұлғайтуды қамтамасыз ететін елдің бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешенін дамыту, орнықты даму қағидаттары негізінде ішкі нарықтың қажеттіліктерін жабу және экспорттық тауашаларды алу үшін бәсекеге қабілетті ауылшаруашылығы өнімдері мен тағамдарын өндіру, АӨК-ның қазіргі инфрақұрылымын дамыту, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әлемдік ғылым тренділеріне сәйкес АӨК-нің басым бағыттарына ғылыми зерттеулерді шоғырландыру, АӨК мұқтаждары үшін қажетті біліктілігі жоғары кадрларды даярлау мәселесі қойылған еді.

Таяудағы онжылдықта бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу міндеті, ең алдымен, ауылшаруашылығы саласын дамытуды, мұндағы шешілмеген түйінді мәселелерге айрықша назар аударуды талап етеді. Осының барлығы да сайып келгенде, ауылшаруашылығы саласын дамыту Қазақстан экономикасы дамуының басым бағыты болуы тиіс екендігін айқындайды.

Кез келген қоғамның негізгі мәселесі – халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, ал стратегиялық мақсаты – экономикалық өсуге қол жеткізу болса, Қазақстан жағдайында бұл мақсат-міндеттерді сыртқы ортадан тәуелсіз, өз мүмкіндіктеріміз арқылы шешуге болады. Ауылшаруашылығы экономиканың тамақ және жеңіл өнеркәсіптері сияқты басқа да салаларын дамыту үшін негіз болып табылатындығы белгілі. Ал экономиканың барлық салалары өзара тығыз байланысты болғандықтан, егер ауылшаруашылығы дұрыс жолға қойылған болса, оның шикізаты арқылы жұмыс жасайтын өңдеуші өнеркәсіп шетелдік шикізатқа тәуелді болмайды. Сол сияқты ауылдық тауар өндірушілердің сұранысы мен төлем қабілеті болса, машина жасау өнеркәсібі ауылға қажетті техника, құрал-жабдықтар өндірісін ұйымдастырып, қара және түсті металлургия, отын-энергетика кешендерінің де қалдықсыз жұмыс істеуіне ықпал етер еді.

Ауылшаруашылығы – адамзат тіршілігінің, кез келген қоғам экономикасының, яғни барлық өндірістің негізі, материалдық өндірістің ерекше саласы. Кез келген мемлекеттің дамуы – өркениетке қол жеткізуі оның өз халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету қабілетімен анықталады.

Ғылымның даму жолына көз салар болсақ, XVIII ғасырда пайда болған физиократтық ілім ауылшаруашылығын ұлттық байлықтың негізі деп таныды. Физиократизм грек тілінен аударғанда «φύσις» – табиғат, «κράτος» – билік мағы-

насын білдіре отырып, ауылшаруашылығының үстемдігін жақтайтын ілім.

Оның негізін қалаушы Франсуа Кэне адамдар үшін ең тиімдісі – жерді игеру ісі деп жазды. Ол алғаш рет қоғамды жер иеленушілер, жер өңдеушілер табына және экономиканың басқа саласына қамтылғандарға жіктеді. Оған қоса көрнекті ағылшын экономисі У. Петтидің «Еңбек – байлықтың атасы, жер – оның анасы» – деп тұжырымдауы жермен тікелей байланысты ауылшаруашылығы өндірісінің аса маңыздылығын білдірсе керек [2]. Ауылшаруашылығындағы экономикалық қатынастар өндірістің табиғи, ұдайы өндірілмейтін факторларына байланысты ерекшеленеді. Жердің ұдайы өндірісі оның табиғилығы себебінен мүмкін емес.

Ауылшаруашылығының ерекшелігі – ондағы экономикалық қатынастар жер иесі мен оны пайдаланушылар арасында жүзеге асатындығы. Жер иелену – жерге меншік иесі құқығын білдіреді. Ал меншік мәселесі ерте заманнан бүгінгі күнге дейін аса күрделі экономикалық, құқықтық категория болып есептелінеді [3].

Қарастырылып отырған мәселемен айналысушылардың пікіріне сүйенсек, әлемдік проблемаға айналған соңғы кездегі азық-түлік нарығындағы қалыптасып отырған жағдай, яғни, қымбатшылық және оған байланысты инфляциялық процестердің дамуы да ауылшаруашылығы сияқты маңызды салаға айрықша назар аударуды талап етуде. Соңғы кездегі мәліметтер дүниежүзіндегі ауыл шаруашылығы өнімдерін тұтыну деңгейі артып, керісінше оларды өндіру қарқыны саябырлағандығын айғақтайды. Атап айтқанда, негізгі азық-түлік қорлары азайып, қазірдің өзінде әлемнің 37 елінде азық-түлік дағдарысы орын алып отыр [4].

Біріккен Ұлттар Ұйымы мамандарының пайымдауынша, алдағы уақыттарда жағдай одан әрі ушығып, бағаның өсу қарқыны күшейіп, азық-түлік дағдарысына ұшыраушы елдердің саны көбейе түспек. Осыған орай барлық елдер азық-түлік қорларын толықтыру мен оларды сақтап қалу шараларына және де аграрлық саланы дамытуға ерекше көңіл бөле бастады. Ал, ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту онымен сабақтаса дамитын салалардың дамуына тікелей байланысты екендігі айқын.

Жоғарыда атап кеткен қауіптер Қазақстанда орын алатын болса, елдің экономикалық даму қарқынына айтарлықтай әсер ететіні түсінікті. Осы қауіптердің алдын алу мақсатында елімізде аграрлық саланы дамыту жан-жақты мемлекеттік шаралар арқылы жүргізіліп жатыр.

Мемлекет тарапынан жасалынып жатқан тікелей шараларға келесілерді жатқызуға болады:

- осы салаға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар қабылдау;
- агроөнеркәсіп кешеніне қажетті техникалық жабдықтауды лизингге;
- аграрлық салаға инвестициялар тартуға жағдай жасау;
- ауылшаруашылығын қаржыландыру бойынша арнайы институттар ашу;
- ауылшаруашылығына бөлінетін мемлекеттік бюджеттің жылдан-жылға артуы;
- ауылшаруашылығына субсидиялар бөлу.

Әрине, қазіргі нарық жағдайында нарық заңдылықтары өз-өзін реттеп отыруы тиіс, алайда, экономиканың басқа саласына қарағанда аграрлық сала әлемнің озық дамыған мемлекеттерінде де осы күнге дейін мемлекеттік қолдауға сүйеніп келеді. Атап айтар болсақ, АҚШ, Канада, Еуропалық Одақ елдері, көршілес Қытай Халық Республикасы, Бразилия және т.б. Бұл мемлекеттердің барлығы да өз үкіметі тарапынан аграрлық саланы қаржыландыруын тоқтатқан емес. Сондықтан, экономикасы енді ғана аяғынан тұрып келе жатқан Қазақстан жағдайында осы саланы мемлекет тарапынан қолдау, сол қолдау шараларын жетілдіріп отыру маңызды болып саналатыны сөзсіз.

Аграрлық саладағы мемлекеттік қолдау мен реттеу, келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылуда:

- агроөндірістік кәсіпкерлікті реттеудің құқықтық базасын дайындау;
- болашақ кезеңде тұрақты кіріс алу мақсатында жерді меншікке және жалға алушылардың ауылшаруашылық өндірісіндегі өз құқын жүзеге асырудың тәртібін жасау;

Қазақстандағы жер нарығының құру мен ұйымдастыруын дамытуға үлес қосу;

- жерді жалға алуға байланысты жер меншік иелері және жалға алушы кәсіпкерлер үшін процедуралық механизмдер дайындау;
- шетелдік және халықаралық несиелеу институттары арқылы агроөнеркәсіптік бағдарлама мен жобаларды несиелеуге тиімді жағдай жасау;
- агроөнеркәсіптік сектордың технологиялық дамуына республикалық қордың қаржылық қолдауы мен құрылуына жағдай туғызу;
- ауылдық (селолық) аудандардың әлеуметтік инфрақұрылымының дамуын қаржыландыру;
- ауылшаруашылық өндіріс пен өнімдерді өңдеуге қатысушылар үшін арнайы құрылым жүйесіне несиелік қолдауды реттеу;

• шетелдік капиталды тарту арқылы аграрлық және агроөнеркәсіптік өндірістің нарықтық инфрақұрылымының даму бағдарламасын қаржыландыру және жобалар дайындауда ақпараттық желі мен банк мәліметтерін құру.

Осы бағыттар негізінде елімізде мемлекеттік органдар тарапынан жұмыстар атқарылуда, бірақ әлі де болса аграрлық сала ойдағыдай дами алмай отыр. Аграрлық саланың құлдырауының негізі сонау 90-жылдардағы жоспарлы экономикадан нарықтық даму жолына өтуден басталады дейтін болсақ, мемлекеттік меншікті жекеменшікке айналдырудың да ықпалы болған жоқ дей алмаймыз. Сол жеке меншікке айналдыруда, мүмкін, экономикамыздың нақты осы саласын мемлекет меншігінде қалдыру керек пе еді. Дегенмен, нарықтық шаруашылық жүргізу экономиканың барлық саласына орнығып, нарықтық инфрақұрылым толықтай қалыптасты және ол қазіргі таңда өз нәтижесін беруде.

Елімізде аграрлық саланы дамыту бойынша Үкімет тарапынан бірнеше бағдарламалар қабылданып та үлгерді. Атап айтқанда, барлық саладағы бағдарламалардың негізі болып саналатын «Қазақстан–2030», «Қазақстан–2050» Стратегиялары, салалық бағдарламалар ретінде Ауылшаруашылығы саласын дамытудың 2010–2014 жылдарға арналған бағдарламасы, Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013–2020 жылдарға арналған «Агробизнес–2020», «Бизнестің жол картасы–2020» бағдарламалары және т.б. Аталған бағдарламалар негізінде ауылшаруашылығын қаржыландыру институттары құрылып, қазірде мемлекеттік бюджеттен қыруар қаржы игеріліп жатыр.

Қазақстанда агроөнеркәсіп саласын қаржыландыру бойынша бірнеше мекеме жұмыс атқаруда, атап айтқанда Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі, «Қаз Агро» Акционерлік қоғамына қарасты еншілес компаниялары және ««Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» Акционерлік қоғамы.

Қазақстан Үкіметі құрамында орын алған соңғы өзгерістерге қарамастан Ауылшаруашылығы министрлігін жеке министрлік ретінде қалдыруының өзі аграрлық саланың мемлекеттік деңгейде баса назарда тұрғанының айғағы.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры аты айтып тұрғандай барлық саладағы кәсіпкерлікті қолдау, қаржыландыру, дамытуға бағытталған. Ал, «Қаз Агро» АҚ-ның еншілес компанияларын тізіп айтсақ, Аграрлық несие корпорациясы, «ҚазАгроҚаржы», «ҚазАгроӨнім», Ауыл шару-

ашылығын қаржылай қолдау қоры, «ҚазАгро-Маркетинг», «ҚазАгроКепіл», Азық-түлік келісімшарт корпорациясы. «ҚазАгро» АҚ-ның АӨК-ті дамыту бойынша еліміздің барлық аймақтарында тегіс жүргізілуде. Осы аймақтар аграрлық саласы ретінде зерттеуге Алматы облысының талдаулары мен негізгі мәселелері қарастырылды.

Қазіргі кезде Алматы облысы аграрлық бағыттан біртіндеп аграрлық-индустриалдыққа өтуде. Алматы облысында бәсекеге қабілетті экономика құруға және тұрғындар өмірінің сапасын арттыруға бағытталған 22 өңірлік бағдарлама жүзеге асырылуда. Ауылшаруашылығына қомақты мемлекеттік қолдау көрсетудің арқасында ауылшаруашылығы өнімдері өндірісін арттыру және ауылдағы тіршілік жағдайын жақсарту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыруға жағдай жасалды. Есептеулер көрсеткендей, азық-түлікке сұраныстың артуы және Алматы облысының агроөнеркәсіп кешендерінің қор әлуегін тиімді қолдану болашақта егістік алаңының көлемі мен құрылымын мал санының және егін және малшаруашылығы өнімдерінің өндірісін толығымен өзгеруді қажет етеді.

2013 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 381,5 млрд теңгені құрады немесе 2012 жылдан – 43,8 млрд теңгеге, жоспардан – 16,8 млрд теңгеге артық, нақты көлем индексі – 102,6%.

2013 жылғы қантар-желтоқсанға ауылшаруашылығының жалпы өнім көлемі – 381,5 млрд теңгені құрады, соның ішінде мал шаруашылығы – 190,6 млрд теңге, өсімдік шаруашылығы – 190,1 млрд теңге, қызметтер – 0,9 млрд теңге. Ол туралы 1-кестедегі мәліметтен көріңіз.

Аграрлық секторды қолдауға 28,8 млрд теңге қаражат бағытталды, оның ішінде салаларды субсидиялауға – 13,2 млрд теңге, ветеринария және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына – 3,3 млрд теңге, ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне несие ретінде «ҚазАгро» АҚ арқылы – 12,3 млрд теңге. 2013 жылы ауылшаруашылығы айналымына 21,2 мың гектар жер енгізіліп, егін шаруашылығындағы әртараптандыру шеңберінде 2012 жылмен салыстырғанда майлы дақылдар алқабы – 18,6 мың гектарға, картоп пен көкөніс, бақша дақылдары – 2,2 мың гектарға, дәндік жүгері – 1,9 мың гектарға арттырылды. Жеміс көшеттері жаңадан 588 гектарға, оның ішінде алманың апорт сұрыпы – 245,1 гектарға және жүзімдіктер 12 гектарға отырғызылды.

Бұлғал сақтау технологиясы 128,0 мың гектарға қолданылды немесе 2012 жылғы деңгейден 14,0% артық. Тамшылатып суару әдісі 2012 жылғы 4,0 мың гектардан 2013 жылы 7,7 мың гектарға жетті (өсімі 92,5%). Тауар өндірушілер 4,4 млрд теңгеге 805 дана ауылшаруашылығы техникасын сатып алып, машино-трактор паркінің орташа жаңаруы 3,5% құрады (2012 жылы – 2,5% болған). Саяқ шегірткеге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 37,0 мың гектар жерге жүргізілді. Облыстағы жылыжайлардың жалпы көлемі 39,3 га, өткен жылы олардан 11,6 мың тонна өнім алынды, бұл 2012 жылға қара-

ғанда 24% артық. Нәтижесінде, 2012 жылмен салыстырғанда дәнді дақылдар өндірісі – 7,8%, майлы дақылдар – 12,6%, картоп – 2,7%, көкөніс – 6,3%, бақша дақылдары – 3,8%, жеміс пен жидек – 7,9% және жүзімнің түсімі – 1,8% артты. Үстіміздегі жылдың өніміне 201,2 мың гектар сүдігер көтеріліп, 156,8 мың гектарға күздік себілді (2012 жылы – 155,8 мың га). Сонымен қатар, 82,8 мың тонна дәнді дақылдардың тұқымы құйылды немесе қажеттілікке 100,4%, оның ішінде күздігі – 36,7 (100%) және жаздығы 46,1 (100,7%) мың тонна. Ол туралы келесі кестеде келтірілді.

1-кесте – Ауылшаруашылығының ЖӨК, %[5]

	2013 жылғы қаңтар- желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға %-бен	2012 жылғы қаңтар- желтоқсан 2011 жылғы қаңтар-желтоқсанға %-бен
Ауылшаруашылығы	102,6	104,6
өсімдік шаруашылығы	103,9	108,4
малшаруашылығы	101,2	100,5

Алматы облысы Статистика департаментінің мәліметтері

2-кесте – Алматы облысы ауылшаруашылығы дамуының динамикасы [6]

	Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013
1	Ауылшаруашылығы өнімінің (қызметтердің) жалпы шығарылымы, млн тг.	230029,8	217769,6	290983,9	342543,2	381523
2	Ауылшаруашылығы өнімінің (қызметтердің) НКИ, %	113,6	101,2	103,4	104,6	102,6
3	Жалпы ресурстардың көлеміндегі азық-түлік тауарларының отандық өндіріс үлесі, %	89,8	87,4	89,9	90,5	90,3

Алматы облысы Статистика департаментінің мәліметтері негізінде автордың құрастыруы

Облыстық Статистика департаментінің мәліметтеріне сүйенсек, аграрлық саласы соңғы бес жылда көрсеткіштерін арттырып, даму үстінде екендігіне көз жеткіземіз. Өңірдегі малшаруашылығының дамып келе жатқандығын мал басы санының артуынан көруге болады.

Малшаруашылығы саласында мал мен құс басы, олардың өнімдерін өндіру деңгейі біршама өсуде. 2014 жылдың 1 қаңтарына облыстағы ірі қара саны 6,6 пайызға, қой мен ешкі – 4,6, жылқы – 3,3, түйе – 4,6, құс – 8,4 пайызға артты. Облыс бойынша 312,3 мың тонна ет, 670,2 мың тонна сүт, 879,9 млн дана жұмыртқа және 8,0 мың тонна жүн өндірілді немесе өткен жылдың осыған сәйкес мерзімімен салыстырғанда ет өндіру

2,0 пайызға, сүт өндірісі 0,1 пайызға, жұмыртқа өндірісі 7,9, пайызға және жүн 0,3 пайызға артты. Малшаруашылығын дамыту мен малдардың өнімділік сапасын арттыруда облыстағы асыл тұқымды малшаруашылығы базасы малшаруашылығын тұрақты дамытуға негіз болуда.

Мемлекеттік қолдау көрсетудің нәтижесінде жылдан жылға асыл тұқымды малдардың басы мен үлесінің өсуімен қатар, асыл тұқымды малшаруашылықтарының саны да артуда. Облыс бойынша бүгінгі күні 158 асыл тұқымды малшаруашылығы субъектілері жұмыс жүргізуде. Нәтижесінде облыстағы асыл тұқымды малдардың үлесі ірі қарадан – 13,6 пайызға, жылқы – 12,4, қой – 21,2, түйе – 48,5, шошқа

– 29,9, құс – 6,9 пайызға жетті. Ағымдағы жылдың 1 қаңтарына шаруашылықтардың барлық санаты бойынша жұмыс жасап тұрған ірі қара малын ұрықтандыратын 348 пунктте 169,3 мың бас сиыр мен құнажындар қолдан ұрықтандырылды, бұл сүтті, сүтті-етті бағыттағы сиырлардың 73,4 пайызын құрайды немесе өткен жылмен салыстырғанда 7204 басқа артық. «Ірі қара етінің экспорттық әлеуетін арттыру» жобасын іске асыру іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2013 жылы облысымызда жаңадан қуаттылығы 4800 бас болатын фермерлік шаруашылық, 4000 бас

қа арналған мал бордақылау алаңы және репродуктор шаруашылықтар құру үшін шетелден 2200 бас сатып алу және 73852 бас аналықты етті бағыттағы асыл тұқымды бұқалармен (ұрығымен) сіңіре будандастыру (оның ішінде 20978 бас қолдан ұрықтандырылып, 52874 бас асыл тұқымды бұқалармен шағылыстырылады) жоспарланған. «Сыбаға» бағдарламасы аясында фермерлік шаруашылық құру бойынша 115 шаруашылық 5572 бас аналық мал мен 268 бас асыл тұқымды бұқалар сатып алды (жоспарға 116,1 %).

3-кесте – Мал мен құс санының көрсеткіштері [6]

	2013 жылғы қаңтар-желтоқсанға	2012 жылғы сәйкес кезеңге, %-бен
Ауылшаруашылығы малдары мен құстарының негізгі түрлерінің саны*, мың бас		
Ірі қара мал	887,2	106,6
Қой мен ешкі	3 282,6	104,6
Шошқа	138,9	137,0
Жылқы	254,2	103,3
Құс	10 388,5	108,4
Малшаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру		
Мал мен құстың барлық түрлерінің тірідей салмақта союға өткізілгені, мың тонна	312,3	102,0
Сауылған сиыр сүті, мың тонна	670,2	100,1
Алынған тауық жұмыртқалары, млн дана	879,9	107,9
Қырқылған жүн, мың тонна	8,0	100,3
Мал мен құстың өнімділігі		
Бір сиырдан орташа сауылған сүт, кг	2 781	99,6
Бір мекиеннің орташа жұмыртқалағыштығы, дана	259	102,0
1 қойдан орташа қырқылған жүн, кг	3,5	94,8
Негізгі дәнді дақылдың қолда бары, барлығы, тонна		
одан:		
Бидай	66 951	114,8
Арпа	150 707	165,4
Жүгері	93 026	129,4
Күріш	15 083	81,1

Алматы облысы Статистика департаментінің мәліметтері

Малшаруашылығында 2012 жылға қарағанда мал мен құс санының барлық түрі орташа 10,7%, өндірілген өнім көлемі – 2,7% ұлғайды. Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру бағдарламасы шеңберінде «Сыбаға» бағдарламасымен 115 фермерлік шаруашылық

5572 бас аналық мал алды немесе жоспар 116,1% орындалды, 4620 басқа арналған мал бордақылау алаңдары іске қосылды (115,5%) және шетелден 3259 бас асыл тұқымды мал жеткізіліп, репродуктор шаруашылықтар құрылды (148,1%).

Облыс әкімінің 2013 жылға берген есебі бойынша ветеринарлық алдын алу және диагностикалық сараптау шаралары жыл бойына жоспарға сәйкес мерзімінде жүргізілді. Ауылшаруашылығы малдарының эпизоотиялық ауруларына қарсы 14,7 млрд іс-қимыл (манипуляция) жасалынды. Бруцеллез ауруына 725,7 мың бас ірі қара және 2524,2 мың бас ұсақ мал диагностикалық зерттеуден өтті, оның ішінде оң белгі бергені сәйкесінше 995 және 6869 бас, ауру ірі қара қайта өңдеуге жіберілсе, ұсақ мал – жойылды. Туберкулезге қарсы аллергиялық жолмен 1768,8 бас ірі қара диагностикалық зерттеуден өтті. Бірдейлендіруден 1262,8 бас – ірі қара, 3224,7 мың бас – ұсақ мал, 83,8 мың бас – шошқа, 66,0 мың бас – жылқы және 4,3 мың бас – түйе өтті, қазіргі уақытта мәліметтер базасын веб-портал режиміне көшірілуде.

Облыс аумағында 259 мал көміндісі қажет, бүгінгі күнге 417-і бар, оның 96 типтік үлгідегі. Өткен жылы мал өлекесін жоятын 1 жылжымалы және 6 стационарлық инсенератор алынды. Ауылшаруашылығы өнімін қайта өңдеу саласында 867 кәсіпорын жұмыс жасайды, олар 317,4 млрд теңгенің дайын өнімін шығарды, бұл 2012 жылдың деңгейінен 13,3% артық. Тағам өнімдері өндірісінің құрылымында сүт өнімдерінің үлесі – 23,1%, өңделген ет – 21,9%, жеміс-көкөніс өнімдері – 16,8%, нан және нан өнімдері – 11,5%, астық өңдеу саласы – 9,6%, өсімдік және тоң май өндірісі – 3,7% және басқа да өнімдер – 13,4% құрайды. Тауарлар бөлінісінде 2012 жылмен салыстырғанда сүт өнімдерін өндіру – 10,6%, ет өнімдері – 11,2%, қант – 55,3%, мал азығы өнімдерін шығару – 34,9% артты. «Қайта өңдеу саласын дамыту» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 7 кәсіпорынның алған несиелерінің үстемақысы 353,4 млн теңгеге субсидияланды. Алматы қаласы маңынан азық-түлік белдеуін дамыту жобасы аясында жалпы құны 7,8 млрд теңге болатын 9 инвестициялық жоба өндіріске енгізілді, 469 жаңа жұмыс орны құрылды [7].

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының да экономикадағы өркендеуге өзіндік үлесін қосып отырғанын айта кеткен жөн. Облыста осы бағдарлама аясында 1,5 млрд теңге, оның ішінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға 1,0 млрд теңге, индустриалдық-инфрақұрылымды дамытуға 509 млн теңге бөлінген.

«АгроБизнес-2020» бағдарламасының бірінші бағыты аясында – АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру шеңберінде жалпы 520,0 млн теңгені құрайтын мерзімі өткен берешегі

бар 5 шаруашылық өтініш берген. Бағдарламаның екінші және үшінші бағыттарын іске асыру мақсатында ағымдағы жылы Алматы облысы бойынша жергілікті бюджеттен 19,1 млрд теңге қаражат қарастырылып, бірінші тоқсанына 0,6 млрд теңгесі немесе 3,1% игерілген. Екінші бағыты аясында – АӨК субъектілеріне тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру бағытында өндірісті субсидиялауға бюджеттен 16,3 млрд теңге бөлінді (егін шаруашылығы саласы бойынша – 5,8 млрд теңге және мал шаруашылығы саласына – 10,5 млрд теңге). Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында мал шаруашылығы саласында 0,6 млрд теңге игерілді. Қаражат 5,7 мың тонна құс етін, 0,7 мың тонна сүт, 47,1 млн дана жұмыртқа өндірген шаруашылықтарға төленді. Үшінші бағыт – агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесін дамытуға 2,8 млрд теңге бөлінді (фитосанитарлық қауіпсіздікке – 0,1 млрд теңге және ветеринариялық қауіпсіздікке – 2,7 млрд теңге). Тұқым және отырғызу материалдарының сорттық және егістік сапасын анықтау бойынша – 7005 зерттеулер жүргізілді. Төртінші бағыт ауылшаруашылығы машиналарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға бағытталған, техникалық инспекция арқылы 3764 қызмет көрсетіліп, бюджетке 4,7 млн теңге түсім түсті.

Алматы облысының аграрлық секторының дамуына жасалған талдау нәтижелері ауылшаруашылығы өнімдерінің негізгі бөлігі, әсіресе малшаруашылығы өнімдерін өндіру қосалқы шаруашылықтар мен шаруа қожалықтарында шоғырланғандығын айта кеткен жөн.

Аграрлық саланы дамыту өңірді ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету тек мемлекет, жергілікті билік пен қаржыландыру институттарының ғана емес, сонымен қатар жергілікті кәсіпкерлер мен фермерлердің де мойнына артылған жүк. Осы ретте мемлекеттік қаржылық сауықтыруда әлі де болса мәселелер баршылық. Ол көбінесе, бөлінген қаржының нақты мұқтаж болып отырған шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлерге жетпей қалатындығынан көрінеді. Фермерлер арасында да жеңілдетілген несие мен субсидия алуда жалған құжаттар арқылы, қолда жоқ мал басын көрсету, өзіне тиесілі емес егістік алқаптары мен бау-бақтарды дәлел ретінде келтіретіндігі баршаға аян. Осындай мәселелердің алдын алсақ ауылшаруашылық саласы аз уақыттың ішінде өркендеп кететініне сенеміз.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың ең басты мақсаты». – Астана, 6 ақпан 2008 ж.
- 2 Дроздов В.В. Франсуа Кенэ: [Фр.экономистХУ111 в.]. – М.: Экономика, 1988. – 18-19 бб.
- 3 Классика экономической мысли. – М.: Изд. «ЭКСМО-ПРЕСС», 2000. – 79-89 бб.
- 4 Есіркепов Т. Әлемдік азық-түлік нарығындағы жағдайға сараптама // Дала мен қала. 2008 ж. 18 ақпан.
- 5 Алматы облысы Статистика Департаментінің бюллетені // <http://www.almatyobl.stat.kz/kaz/>
- 6 Алматы облысы Статистика Департаментінің «Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы» журналы 2013 желтоқсан // <http://www.almatyobl.stat.kz/kaz/basic-publications/>
- 7 Алматы облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бойынша 2013 жылға жалпы ақпараттары // <http://zhety-su-gov.kz/index.php?name=content&op=view&id=341>

References

- 1 Qazaqstan Respublikasinin Prezidenti N.A.Nazarbaevtin halikka joldauy «Qazaqstan halqynyn al-aukatyn arttyru – memlekettik sayasattin en basty maksaty». – Astana, 2008.
- 2 Drozdov V.V. Franswa Kene': [Fr.e'konomi'st HW111 v.]. – M.: E'konomi''ka, 1988 – 18-19 bb.
- 3 Klassi''ka e'konomi''cheskoy mi'sli''. I''zd. «E'KSMO-PRESS». – M., 2000. – 79-89 bb.
- 4 Esirkeпов T. A'lemdik azi'q-tu'lik nari'ghi'ndaghi' jaghdaygha saraptama // Dala men qala. 2008 j. 18 aqpan.
- 5 Almati' obli'si' Stati'sti''ka Departamentining byulleteni // <http://www.almatyobl.stat.kz/kaz/>
- 6 Almati' obli'si' Stati'sti''ka Departamentining «Almati' obli'si'ni'ng a'lewmettik-e'konomi''kali'q damwi'» jwrnali' 2013 jeltoqsan // <http://www.almatyobl.stat.kz/kaz/basic-publications/>
- 7 Almati' obli'si' a'kimdigining awi'l sharwashi'li'ghi' boyi'nsha 2013 ji'lgha jalpi' aqparattari' // <http://zhety-su-gov.kz/index.php?name=content&op=view&id=341>